

Семей ИНДУСТРИЯЛЫ ҚАЛАҒА айналуы керек

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әлеуметтік жауапкершіліктің жарқын көрінісі

Облыс Әкімі одан соң қаладағы Физкультурная көшесі бойынан салынған мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы шеңберіндегі көппәтерлі үйден баспаналы болғандарға пәтер кілттерін табыстады.

– Қымбатты семейліктер! Бүгін барлығыңыз үшін аса қуанышты күн. Астана қаласының мерекесі қарсаңында 72 отбасы баспана алып, пәтер кілтіне ие болып отыр. Былтырдан бері 400 жанұя пәтер алса, қалалық әкімшіліктің жоспары бойынша биылғы жылдың аяғына дейін бұл көрсеткіш 700-ге жетпек. Осы пәтерлерге барлық құны 327 миллион теңге қаражат бөлінсе, мұның 82 миллионы «Азимут» кәсіпорнына тиесілі. Міне, қала мен жеке кәсіпкерлер арасындағы жақсы байланыс, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің жарқын көрінісі деген осы, – деді аймақ басшысы.

Өз кезегінде баспаналы болған қызметкер В.Иконников пен Ж.Ахметовтің жас отбасы да осындай қамқорлық жасап отырған Елбасына, облыс және қала басшыларына алғыстарын жеткізді.

Будан соң облыс Әкімі Сәтпаев көшесі бойындағы жолдардың жөндеу жұмыстарымен танысып, «Жол картасы» бағдарламасы шеңберінде жаңарған Жеңіс саябағын аралап көрді.

Түстен кейін Әкім «Еңлік-Кебек» кинотеатрында Семей қаласы тұрғындарымен кездесу өткізді. Жиын барысында әкім ең алдымен осындай кездесулердің облыстың өзге де өңірлерінде өткенін айта келе:

– Мұндай кездесулердің мақсаты – тұрғындарды толғандыратын мәселелерді тыңдап, мүмкіндігіне қарай шешімін табуға көмектесу, – деді. – Барлығымыздың міндетіміз – мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыру. Оның қалай іске асып жатқанының төрешісі өздеріңізсіздер. Облыс бойынша әлеуметтік төлемдер мен зейнетақы, бюджеттік ұйым қызметкерлері жалақысына қарыз жоқ. Дегенмен кейбір кәсіпорындардың жалақы бойынша қарыздары баршылық. Қала, аудан әкімдерінің өткізіп отырған ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерінің де нәтижесі жаман емес. Осының барлығы тұрғындардың әл-ауқатын, тұрмыс жағдайларын жақсартуға септігін тигізеді деп ойлаймын.

Келесі кезекте қала тұрғындары көкейлерінде жүрген көптеген өзекті мәселелерді ақтарды. Мәселен, Дулатов көшесі–208 үйдің тұрғындары 1996 жылдан су мен жылудың жоқтығына арызданып, өз күштерімен жөндеу жұмыстарын жүргізуге шамалары келмейтінін айтып, осыған байланысты облыс тарапынан көмек болса деген өтініштерін жеткізді.

Олардың өтінішіне қала әкімі Мейрамхат Айнабеков жауап берді.

Бокс федерациясының президенті Ақылбек Айтқожиновтың:

– Таяуда Сингапурда өтетін олимпиадалық бокс ойында-

рында Қазақстанның атынан жалғыз боксшы, №33 мектептің түлегі Әділет Рақышев барады. Оның спорт саласындағы жетістіктері өте жақсы. Әділет тест қорытындысы бойынша 86 балл жинап отыр. Осы баланың грантқа ілігуіне қандай да бір көмек жасала ма? – деген сұрағына жауап қайтарған Шәкерім атындағы Семей мемлекеттік университетінің ректоры Ерлан Сыдықов Әділеттің өзі қалаған мамандығы бойынша тегін білім алуына жағдай жасайтынын жеткізгенде ректордың шешіміне риза болған қалың қауым дуылдата қол соқты.

Семей теміржол вокзалының меңгерушісі Нағима Мойынбаева қазан айында вокзалдың 95 жылдық мерейтойы аталып өтетінін айтып, «Осыған байланысты ағымдағы жөндеу жұмыстарына қаражат қарастырыла ма?» деген сауал тастады.

Облыс Әкімі оған вокзалдардың Қазақстан теміржолы мекемесінің иелігінде екендігін, мемлекеттік емес мекемелерге қаражат бөлу заңға сәйкес келмейтінін түсіндірді.

Бұдан кейін Г.Әбдірахмановдегеназаматқалакөшелеріндегі тәртіпті бақылайтын жедел бақылау орталығы орнатылса деген ұсыныс айтса, көлік колледжінің директоры А.Люб колледж жатақханасын жөндеуге қаражат мәселесі қарастырылса деген өтінішін жеткізді.

Ақсақалдар алқасының мүшесі Кәрібай Сұлтанов облыс басшысының қаһарлы қыс қиындығын жеңудегі азаматтық еңбегін жоғары бағалайтынын жеткізіп, ол үшін барлық ақсақалдар атынан алғыс айта келе, Семей – Аягөз, Семей – Алакөл бағытындағы жолдарды жөндеу жұмыстары қолға алынса жақсы болар еді деген тілегін айтып өтті.

Облыс Әкімімен бірге келген көптеген салалық органдар өкілдері қойылған сұрақтардың барлығына дерлік жауаптарын беріп, атқарылмай жатқан жұмыстардың барлығы қаржы мәселесіне келіп тірелетінін, мүмкіндігінше тұрғындар тілегі қанағаттандырылатындығын жеткізді.

– Мен облыс басшысы ретіндегі алғашқы сапарымды кәсірлі Абай елі мен рухани орда, Абай білім алған Семей қаласынан бастаған едім. Осы ғимаратта міне, сіздермен екінші рет кездесу өткізіп отырмын. Мұндай ашық-жарқын кездесу сіздерге де, бізге де өте қажет. Семей үшін қазіргі таңдағы басты проблема–жылу мәселесі. Өткендегі Премьер-Министрдің сапарын білесіздер, ол кісінің жұмыс кестесінде Семейге соғу жоспары мүлде болмаған еді. Бірақ, біздің өтінішімізге құлақ асқан ол Семейге де ат басын бұрды. Елдің жағдайымен танысқаннан кейін 1934 жылы салынған ескі қазандықты көзімен көріп, дереу бірқатар шешімдер қабылдағанына өздеріңіз куә болдыңыздар. Келер жылы қалалық және балаларды туберкулезге қарсы емдеу ауруханаларының құрылыстары қолға алынбақ. Арабтар мен кәрістер демеушілік жасаймыз деп отыр. Міне, осының барлығы семейліктер үшін жасалып жатқан әрекет. №11 мектепке де қаражат жағынан қарайластық, онда құрылыс жұмыстары жүріп жатыр, бұйыртып 1-қырқүйекке дайын болады. Тері зауыты маңындағы спортзалға да көмектессек деген жоспар бар. Міне, ағайын, осындай тірлік жасап жатырмыз. Кездесуге келіп, ой-пікірлеріңізді, өтініш-тілектеріңізді білдіргендеріңізге рақмет.

Амандықпен жүздесейік, – деп Бердібек Мәшбекұлы жиынды қорытындылады.

Қала тұрғындары да өз тарапынан облыс Әкімі мен облыстық сала басшыларына осындай кездесу өткізгендеріне, халықтың мұң-мұқтажына назар салып, оны шешу жолдарын қарастырып жатқандықтарына ризашылықтарын жеткізді. «Елбасымен біргеміз!» деген ұран аясында, алдағы уақытта да бірлігіміз бен тірлігіміз қатар жүре берсін деген игі тілектерін айтты.

Көкөніс кластері қалыптасып келеді

Семейден кейін облыс басшысы осы өңірдегі іргелі шаруашылық – «Приречное» агрофирмасы кешенінде іссапарын жалғастырды. Қала іргесіндегі «Приречное» агрофирмасы 76 миллион теңге несие алып, бұрын-соңды Қазақстанда болмаған көкөніс өңдеу цехын іске қосқан еді. Қазір мұнда 50 адам жұмыс істеуде. Цехтың 10 тонна көкөністен 1 тонна кептірілген дайын өнім шығару мүмкіндігі бар. Бұл – шетелдік тауарлармен бәсекеге төтеп бере алатын өнім. Қазіргі таңда уақытында тұтынушыларға ұсынатын өнімнің бағасы өзгелерден бірнеше есе арзан болады дейді, агрофирма өкілдері. Бұрын алғашқы үсік шалған пияз, сатуға жарамсыз картоп, сәбіз сияқты өнімдер малдың жеміне кетсе, қазір ол күніне 1 тонна өнім өңдей алатын цехта іске жаратылып жатыр. Осылайша облыста көкөніс кластері қалыптасып келеді.

Облыс басшысы осынау іргелі кешендегі бірқатар жаңашыл бастамалармен танысты. Агрофирма жетекшісі Мұхит Тұмабаевтың айтуынша, бұған сұраныс өте көп. Әсіресе, Санкт-Петербург, Мәскеуден тапсырыстар түсуде. Ол үшін суармалы жерлер мен көкөністі көбейту, қойма салу керек екен. Мемлекет тарапынан қаржылай көмектер де берілген. Оған техникалар алынып, цехтар салынды. Асыл тұқымды мал алуға, өсіруге ақша бөлінді.

1993 жылдан бері жемісті еңбек етіп, іргелі шаруашылыққа айналған агрофирма Приречное ауылының көркеюіне де атсалысуда. Көшелерді жөндеу, жарық тарту, мектептің үздік оқушыларына стипендия төлеу сияқты әлеуметтік жауапкершілік аясында ауқымды істер атқарып келеді.

Бердібек Сапарбаев осы кешенде жұмыс істейтін жұмысшылармен және Приречное ауылының тұрғындарымен жүздесті. Ауыл тұрғындары арнайы ат басын бұрып, хал-жағдайларын сұрап келген облыс басшысына ризашылықтарын білдіре келе, ауылдағы мәдениет саласы жанданса, жұмыспен қамту жағы жақсарса деген бірқатар талап-тілектерін жеткізді. Облыс Әкімі алдағы уақытта бұл өңірде көтерілген проблемалардың міндетті түрде шешімін табуына көмектесетіндігін айтты.

СУРЕТТЕ: 72 пәтерлік тұрғын үйдің ашылу салтанаты (1-бетте).

Суретті түсірген Ғылымбек Сәбитов